**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы**

**№ 08 ХАТТАМА**
**26 ақпан 2025 жыл**

**Ғылыми кеңес мәжілісі**
**Төраға:** ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова
**Хатшы:** ғылым кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

**Қатысқандар:** 30 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі);
**Қатыспағаны:** 1 адам: А. Шәріп, «7М02105 – Дирижерлеу» мамандығы бойынша 2 курс магистранты (іссапарына байланысты).

**Күн тәртібінде:**

1) Ғылыми кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы *(Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор);*

2) Құрманғазы атындағы ҚҰК ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лаузымдарына орналастыру конкурсын өткізу бойынша конкурстың Ережесін, іс-шаралар жоспарын және Комиссия құрамын бекіту туралы *(Г.Д. Карабалаева, Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы);*

3) Құрманғазы атындағы ҚҰК профессорының м.а. (профессор Құрманғазы атындағы ҚҰК), қауымдастырылған профессордың м.а. (қауымдастырылған профессор Құрманғазы атындағы ҚҰК) лауазымдарына тағайындау Ережесін бекіту туралы *(Ш.А. Аманжолова, Ғалым хатшы);*

4) 2024-2025 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі МАК құрамын және докторантура бойынша кешенді емтихандардың бағдарламаларын бекіту (көктемгі семестр) *(А.С. Нусупова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.);*

5) 2024-2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттың ғылыми диссертациялық зерттеу тақырбын бекіту туралы *(А.С. Нусупова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.);*

6) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы ережесіне енгізілетін өзгерістер туралы *(А.С. Нусупова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.);*

7) 2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогын бекіту *(Н.А. Ертаева, академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы);*

8) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарына енгізілетін өзгерістер туралы *(А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы);*

9) Ішкі сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2025 жылға арналған жылдық жоспарын бекіту туралы *(А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы);*

10) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайларына қызметкерлердің (оның ішінде оқу-көмекші персоналдың) қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебі *(А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы);*

11) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы *(А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы);*

12) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының шетелдік білім алушылар клубының «WORLD CONNECT» қызметі, Әлеуметтік-тәртіптік комиссия және Ішкі тәртіп туралы Ерелелерді бекіту туралы *(Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор);*

13) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында академиялық ұтқырлық бағдарламасының барысы туралы *(Д.Д. Уразымбетов, Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы);*

14) *Әртүрлі.*

*14.1 «Құрметті профессор» атағын беру туралы (Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор);*

*14.2 Профессор-оқытушылар құрамын Мемлекеттік және ведоствolық наградаларға ұсыну туралы (Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор);*

*14.3 Академиялық этика жөніндегі кеңестің ашылуы туралы (А.С. Нусупова, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.).*

**КІРІСПЕ СӨЗ:**

*Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):*

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенованың Ғылыми кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):*

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Кадрлық өзгерістерге байланысты 2024 жылдың 02 қыркүйегіндегі «2024-2025 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамын бекіту туралы» № 85-п бұйрықтың күші жойылуын және 2024-2025 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамын келесіндей бекітілуін сұраймын:

1) Г.К. Тасбергенова – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD);

2) А.С. Нусупова – Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а., қауымдастырылған профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;

3) Г.Б. Әбдірахман – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;

4) А.Б. Наурзбаева – Ректордың кеңесшісі, профессор, философия ғылымдарының докторы;

5) В.В. Сиротин – Ректор аппараты қызметінің басшысы;

6) Н.Т. Кулданов – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор;

7) Г.М. Джагупарова – Compliance officer;

8) Н.А. Ертаева – Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы;

9) С.И. Утегалиева – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (БҒСБК);

10) А.Р. Бердібай – доцент (акад.), философия докторы (PhD);

11) А.С. Сарымсакова – Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының кандидаты;

12) Г.Ж. Мусагулова – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, профессор (акад.), доцент (БҒСБК), өнертану ғылымдарының кандидаты;

13) А.З. Бултбаева – «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент (БҒСБК);

14) А.С. Бекенова – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент (акад.), философия докторы (PhD);

15) Ғ.Ғ. Ғабдрахимова – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, «Құрмет» орденінің иегері, аға оқытушы, магистр;

16) С.М. Медеубаева – «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);

17) М.Т. Койлыбаева – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);

18) Ж.Р. Ерманов – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасы меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор (БҒСБК);

19) Г.К. Берекешев – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);

20) З.Ш. Измуратова – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);

21) Б.С. Калдаева – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);

22) Т.К. Бекназарова – «Вокалдық өнер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

23) А.М. Джумагалиева – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

24) А.А. Карсакбаева – «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

25) Д.Е. Кешубаева – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, магистр;

26) К.М. Халилова – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;

27) И.А. Гавриленко – «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;

28) Ж.Т. Мусапирова – «Жалпы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы;

29) В.К Каржаубаева – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, магистр;

30) А. Шәріп – «7М02105 – Дирижерлеу» мамандығы бойынша 2 курс магистранты;

31) Ж.А. Жұмаш – «6В02123 – Арт-менеджмент» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

Ғылыми кеңес хатшысы: Ш.А. Аманжолова – доцент, ғылым кандидаты.

Ғылыми кеңестің жоғарыда ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**1.** Жоғарыда ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамы бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:** Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Г.Д. Карабалаеваның Құрманғазы атындағы ҚҰК ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лаузымдарына орналастыру конкурсын өткізу бойынша конкурстың Ережесін, іс-шаралар жоспарын және Комиссия құрамын бекіту туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Г.Д. КАРАБАЛАЕВА – Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы:*

Қайырлы күн Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 3 құжатты ұсынамын және оларды бекітулеріңізді сұраймын.

**I. Конкурстық комиссия ережесіне енгізілетін өзгерістер туралы.**

1) Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 27 сәуріндe өткен мәжілісінде «Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуын іріктеу Ережесі» (өзгертулер және толықтырулыр: ҒК-тің 28.08.2024 ж. № 01 хаттама) бұдан былай «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лаузымдарына конкурстық орналасу ережесі» деп аталатын болады.

2) доцент (акад.) – қауымдастырылған профессор мідетін атқарушы және профессор (акад.) – профессордың міндетін атқарушы атақтарына ауысты;

3) зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлер, сондай-ақ сыртқы қоса атқарушылар профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасу конкурсына жіберілмейді;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлер, сондай-ақ сыртқы қоса атқарушылар профессорлық-оқытушылар құрамының негізгі құрамына оқу жүктемесі бөлінгеннен кейін бос сағаттар қалған жағдайда, бос лауазымдарға конкурстық орналасу конкурсынан өтпей-ақ, бір жылдан аспайтын белгілі бір мерзімге жасалатын еңбек шарты негізінде оқытушылық лауазымға қабылдануы мүмкін;

5) профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарын орналасу конкурсы конкурс бекітілген штат кестесіне сәйкес бос лауазымдар пайда болған жағдайда өткізіледі;

6) еңбек шартының мерзімі аяқталғаннан кейін профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің штаттық лауазымдары бос лауазымдар мәртебесіне ие болады, бұл оларды белгіленген тәртіпте алмастыру мүмкіндігін қарастырады, соның ішінде қолданыстағы нормативтік актілерге және Консерваторияның штат кестесіне сәйкес конкурстық рәсімдерді өткізу;

7) аға оқытушы лауазымы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарын орналасу конкурсы арқылы тағайындалады;

8) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарын орналасу конкурсында қауымдастырылған профессордың м.а. және профессордың м.а. тағайындалмайды. Бұл лауазымдарға тағайындау тек Ғылыми кеңес арқылы жүзеге асырылады.

**II. Конкурстық комиссия құрамы.**

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лаузымдарына

конкурстық орналасу бойынша өткзілетін конкурстық комиссия құрамын келесіндей бекітілуін сұраймын:

**Төраға:** Г.Б. Әбдірахман – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану кандидаты.

**Төраға орынбасары:** А.С. Нусупова – Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, қауымдастырылған профессор, өнертану кандидаты.

**Комиссия мүшелері:**

1) В.В. Сиротин – Ректор аппараты қызметінің басшысы;

2) А.З. Бултбаева – «Вокал және дирижерлау» факультетінің деканы, доцент, өнертану кандидаты;

3) Ғ.Ғ. Ғабдрахимова – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, аға оқытушы;

4) Г.Ж. Мусагулова – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, профессор, өнертану кандидаты;

5) А.С. Бекенова – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент, философия докторы (PhD);

6) Г.М. Жагупарова – Compliance officer;

7) Д.Я. Мамедова – Заң секторының басшысы;

8) Г.Д. Карабалаева – Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы.

**Комиссия хатшысы:** С.К. Ауезханова – Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің менеджері.

**III. Конкурстық комиссиясының жоспары.**

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лаузымдарына конкурстық орналасу конкурсының жоспары бойынша

1) Конкурсқа қатысты барлық құжаттар: Ереже, Конкурс құрамы және жоспары ақпан айының ҒК-де бекітіледі;

2) 2025 жылдың наурыз айында конкурсқа қатысушылар тізімі хатшы тарапынан кафедраларға жіберіледі. Конкурсанттар ҒК-те бекітілген құжаттармен танысады;

3) 2025 жылдың сәуір айында кафедралар конкурсқа қатысатын кандидаттардың құжаттарына сәйкес ашық сабақтар және кафедраның жиналыстары өткізіледі;

4) 2025 жылдың 14 мамырына дейін профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лаузымдарына конкурстық орналасу конкурсы туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады. Мемлекеттік сатып алу секторы және конкурстық комиссия хатшысы тарапынан жүзеге асырылады;

5) 2025 жылдың 13 маусымына дейін қоса алғанда конкурсқа қатысатын кандидаттардың құжаттарын қабылдау үдерісі жүреді. Көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған құжаттар қарастырылмайды;

6) 2025 жылдың 20 маусымына дейін хатшы тарапынан конкурстық комиссиясына қатысты құжаттарды дайындау жүргізіледі;

7) 23.06-24.06.2025 ж. Күндері Конкурстық комиссия отырысы өтеді;

8) 2025 жылдың 26 маусымына дейін комиссия төрағасы мен хатшы тарапынан Конкурстық комиссияның қорытындысы және үміткерлердің құжаттарын Ректордың бекітуіне дайындалады;

9) 2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін конкурстан өткен профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер еңбек келісімшартына қол қою үдерісі жүреді.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Құрманғазы атындағы ҚҰК ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лаузымдарына орналастыру конкурсын өткізу бойынша конкурстың Ережесі, іс-шаралар жоспары және жоғарыда ұсынылған Комиссия құрамы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**2.** Құрманғазы атындағы ҚҰК ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лаузымдарына орналастыру конкурсын өткізу бойынша конкурстың Ережесі, іс-шаралар жоспары және жоғарыда ұсынылған Комиссия құрамы бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:** Ғалым хатшы Ш.А. Аманжолованың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың міндетін атқарушы және қауымдастырылған профессордың міндетін атқарушы лауазымдарына тағайындалу Ережесін бекіту туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:*

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға жаңадан «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың міндетін атқарушы және қауымдастырылған профессордың міндетін атқарушы лауазымдарына тағайындалу» деп аталатын ережені ұсынамын.

Құрметті әріптестер, бұдан былай профессор (акад.) және доцент (акад.) лауазымдарының атаулары профессор м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. атауларына ауысып, бұл лауазымдарға тағайындалу Ғылыми кеңесте қарастырылатын болады.

Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлер, сондай-ақ ішкі қоса атқарушылар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындалуға үміткер бола алады. Аталған лауазымдарға тағайындау мәселесі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Консерватория профессорының м.а.

және қауымдастырылған профессорының м.а. лауазымдарына тағайындау туралы ережеге сәйкес қаралады. Тағайындау туралы шешімді Консерваторияның Ғылыми кеңесі қабылдайды.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау туралы шешім Ғылыми кеңестің барлық мүшелерінің дауыс беруі арқылы, жариялылық және мәселелерді ұжымдық талқылау қағидаттарына негізделе отырып қабылданады.

Осы ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, сондай-ақ Консерваторияның басқа ішкі нормативтік құжаттары қабылдануына байланысты рұқсат етіледі.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау бойынша үміткерлерге қойылатын талаптар келесіндей:

***Профессордың м.а.***

1. Біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар: профессордың м.а. лауазымына тағайындалу бойынша үміткерлердің жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, доцент (ЖАК) немесе «Қауымдастырылған профессор (БҒСБК) немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары/Құрметті атағы мен Қауымдастырылған профессор (БҒСБК) ғылыми атаққа ие болған және 5 жылдан кем емес ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі болуы керек.

2. Профессордың м.а. лауазымына тағайындалу бойынша үміткерлер «Қауымдастырылған профессор» (БҒСБК) ғылыми атағын алғаннан кейін (3 жылдан кейін) жарияланған және үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланған жұмыстардың келесі нұсқалары, атап айтқанда, сұранылатын мамандық бойынша жарияланған кем дегенде 8 (сегіз) ғылыми және / немесе шығармашылық еңбегі, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСНВО) ұсынған басылымдарда жарияланған кем дегенде 3 (үш) ғылыми еңбек;

- және /немесе шығармашылық еңбек (Консерваторияның Ғылыми кеңесінің ұсынуы бойынша жарияланған немесе жариялануға ұсынылған 2 б.т. көлеміндегі музыкалық шығармаларды ыңғайландырулар мен өңдеулер);
- және /немесе ҚР авторлар қоғамында тіркелген, 3 б.т. көлемінде жарияланған авторлық шығармалар;
- және /немесе 2 (екі) жеке, ансамбльдік концерттік бағдарламалардың афишасы немесе CD, DVD жазбалары;

2) 1 (бір) – халықаралық рецензиланатын ғылыми журналдарда жарияналған мақаласы;

- және / немесе өнер мәселелері бойынша алыс және жақын шетелдік журналдарда;
- және / немесе алыс және жақын шетелде көрсетілген шығармашылық еңбек, әлемнің, шетелдердің, ҚР үлкен залдарында орындалған авторлық шығармалардың, концерттік өнер көрсетудің CD, DVD жазбалары;

3) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында немесе баспасөз беттерінде жарияланған 3 (үш) баяндама (мақала) немесе шығарманы әдістемелік-орындаушылық өңдеу (орындаушылық кафедралары үшін);

4) монография немесе соңғы 3 (үш) жылда Ғылыми кеңес ұсынған және баспадан шыққан жеке (немесе авторлық бірлестікте) жазылған 3 (үш)баспа табақтан кем емес оқу (немесе электронды) құралы;

- немесе оның жетекшілігімен диссертация (соның ішінде магистрлік қорғаған 3 (үш) тұлға;
- немесе үміткер дайындаған республикалық, халықаралық сайыстардың, фестивальдар мен олимпиадалардың 3 (үш) лауреаты (дипломанты) болуы керек.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде саналады.

Құрметті әріптестер, профессордың м.а. лауазымына тек доцент (ЖАК) немесе «Қауымдастырылған профессор (БҒСБК) ғылыми атағына ие профессорлық-оқытушылық құрамы жіберіледі.

***Қауымдастырылған профессордың м.а.***

1. Біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар: қауымдастырылған профессор м.а. лауазымына орналасудан үміткерлердің жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылымдар кандидаты / докторы / философия докторы PhD ғылыми дәрежесі немесе ҚР құрметті атағы және 5 жылдан кем емес ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі немесе Консерваторияда 10 жылдан астам еңбек өтілі болуы керек (ғылыми дәрежесі немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары/Құрметті атағы жоқтар үшін).

2. Қауымдастырылған профессор м.а. лауазымына тағайындалу бойынша үміткерлерде соңғы үш жыл ішінде жарияланған жұмыстардың келесі нұсқалары, атап айтқанда, диссертация қорғағаннан немесе Құрмет атағын алғаннан кейін (сұранылатын мамандық бойынша) жарияланған (түсірілген) кем дегенде 5 (бес) ғылыми және / немесе шығармашылық еңбегі, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСНВО) ұсынған басылымдарда жарияланған кем дегенде 2 (екі) ғылыми еңбек;

- және /немесе шығармашылық еңбек (Консерваторияның Ғылыми кеңесінің ұсынуы бойынша жарияланған немесе жариялануға ұсынылған 1 б.т. көлеміндегі музыкалық шығармаларды ыңғайландырулар мен өңдеулер);

- және /немесе ҚР авторлар қоғамында тіркелген, 2 б.т. көлемінде жарияланған авторлық шығармалар;
- және /немесе 2 (екі) жеке, ансамбльдік концерттік бағдарламалардың афишасы немесе CD, DVD жазбалары;

2) 1 (бір) – халықаралық рецензиланатын ғылыми журналдарда жарияналған мақаласы;

- және / немесе өнер мәселелері бойынша алыс және жақын шетелдік журналдарда;
- және / немесе алыс және жақын шетелде көрсетілген шығармашылық еңбек, әлемнің, шетелдердің, ҚР үлкен залдарында орындалған авторлық шығармалардың, концерттік өнер көрсетудің CD, DVD жазбалары;

3) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында немесе баспасөз беттерінде жарияланған 2 (екі) баяндама (мақала) немесе шығарманы әдістемелік-орындаушылық өңдеу (орындаушылық кафедралары үшін);

4) монография немесе соңғы 3 (үш) жылда Ғылыми кеңес ұсынған және баспадан шыққан жеке (немесе авторлық бірлестікте) жазылған 2 (екі) баспа табақтан кем емес оқу (немесе электронды) құралы;

- немесе оның жетекшілігімен диссертация (соның ішінде магистрлік қорғаған 2 (екі) тұлға;
- немесе үміткер дайындаған республикалық, халықаралық сайыстардың, фестивальдар мен олимпиадалардың 2 (екі) лауреаты (дипломанты) болуы керек.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындауға өтініштер мен құжаттарды қабылдау оқу жылы бойы консерваторияның Ғалым хатшысы арқылы жүзеге асырылады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау бойынша үміткердің құжаттары алдымен тиісті кафедраның отырысында қаралады, онда үміткердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ оның ғылыми және педагогикалық жетістіктері талқыланады. Кафедра отырысы профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өткізіледі. Талқылау нәтижелері бойынша үміткерді факультет кеңесінің қарауына шығару мақсатқа сай екендігі туралы шешім қабылданады.

Факультет кеңесінің отырысында үміткердің ғылыми және педагогикалық қызметі, оның біліктілік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ тиісті лауазымға тағайындалу үшін маңызы бар басқа да мән-жайлар бағаланатын қосымша талқылау жүргізіледі. Талқылау нәтижелері бойынша факультет кеңесі үміткерді консерваторияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберу туралы шешім қабылдайды. Шешім факультет кеңесінің төрағасы қол қоятын тиісті хаттамамен ресімделеді.

Тиісті лауазымға тағайындау туралы соңғы шешім консерваторияның Ғылыми кеңесінің дауыс беруі арқылы қабылданады. Ғылыми кеңестің шешімі

тиісті тағайындау туралы бұйрық шығаруға негіз болатын хаттамамен ресімделеді.

Жасырын дауыс беру кезінде Ғылыми кеңестің шешімі бағалау парақтарының нәтижелері негізінде Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Ғылыми кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады..

Жасырын дауыс беру кезінде Ғылыми кеңес осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес лауазымға тағайындау үшін үміткерді жасырын дауыс беру бюллетеніне (бұдан әрі – Бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

Үміткермен келісу немесе келіспеу әрбір үміткердің тегі қарсысында «келісемін» немесе «келіспеймін» сөздерімен білдіріледі. Ешбір тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау туралы Ғылыми кеңес шешімі Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 кворумы болған жағдайда заңды деп есептеледі.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Құрманғазы атындағы ҚҰК профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау Ережесі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**3.** Құрманғазы атындағы ҚҰК профессордың м.а. және қауымдастырылған профессордың м.а. лауазымдарына тағайындау Ережесі бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**4. ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а. А.С. Нусупованың 2024-2025 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі МАК құрамын және докторантура бойынша кешенді емтихандардың бағдарламаларын бекіту (көктемгі семестр) туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*А.С. НУСУПОВА – Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:*

Биыл 2024-2025 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес «Магистрлік диссертацияны қорғау» маусым (июнь) айының **02-сі мен 22-сі** аралықтарында өтеді деп жоспарлануда.

Биылғы оқу жылында бітіретін магистранттардың саны **42** Атап айтар болсақ:

- «7М02101-Музыкатану» мамандығы бойынша - 4;

- «7M02102-Аспаптық орындаушылық» мамандығы бойынша – 15;
- «7M02103-Вокалдық өнер» мамандығы бойынша – 4;
- «7M02104-Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша - 10;
- «7M02105-Дирижерлеу» – 7;
- «7M02111-Композиция мамандығы бойынша – 2.

Осыған орай:

1. 2024-2025 оқу жылында бітіруші (ғылыми-педагогикалық бағыт/бейіндік бағыт) магистранттарды аттестаттау үшін Өнертану докторы (DSc), Өзбекстан мемлекеттік консерваториясының «Музыка тарихы және сын» кафедрасының профессоры Ганиханова Шоиста Шарафутдиновна «Магистрлік диссертацияны қорғау» бойынша мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде шақыртылып отыр.

2. 2024-2025 оқу жылына арналған *«Магистрлік диссертацияны қорғау»* бойынша мемлекеттік емтихан комиссия құрамы 6 (алты) тұрақты комиссия мүшелері мен және әр мамандықтар бойынша бір бір комиссия мүшелерінен құралған.

**«Магистрлік диссертацияны қорғау» бойынша тұрақты комиссия құрамының тізімі**

(барлық мамандықтарда отырады):

1) Нусупова А.С. – Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, өнертану кандидаты, «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент).
2) Утегалиева С.И. – ө.ғ.д., Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры;
3) Бердібай А.Р. – философия докторы PhD, «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті;
4) Наурзбаева А.Б. – филос. ғ. д., мәдениеттану доценті, ӘГП кафедрасының профессоры;
5) Омарова А.К. – ө. ғ. к., «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры;
6) Бултбаева А.З. – ө.к., «Музыкатану және композиция кафедрасының доценті;

**Мамандық бойынша комиссия құрамы:**

| Мамандық | Комиссия құрамы |
|---|---|
| **«7M02101-Музыкатану»<br>«7M02111-Композиция»** | Елеманова С.А. – өнертану докторы, «Музыкатану және композиция кафедрасының профессоры. |
| **«7M02102-Аспаптық орындаушылық»** | Бекенова А.С. – философия докторы PhD, «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент. |

| | |
|---|---|
| | Нестерова О.В. – философия докторы PhD, «Үрмелі және ұрмалы» кафедрасының аға оқытушысы. |
| **«7М02103-Вокалдық өнер»** | Жубаева Б.К. – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Вокалдық өнер» кафедрасының аға оқытушысы. |
| **«7М02104-Дәстүрлі музыка өнері»** | Раимбергенов А.И. – ө. ғ. к., ҚР Мәдениет қайраткері, «Домбыра» кафедрасының доценті. |
| | Исатаева А.Б. – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Халық әні» кафедрасының доценті. |
| **«7М02105-Дирижерлеу»** | Рудковский Я.С. – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Дирижерлеу» кафедрасының доценті. |

**Хатшы** – филос.ғ.канд., ғылым бөлімінің басшысы Шакирова Светлана Махмудовна.

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі МАК құрамын және докторантура бойынша кешенді емтихандардың бағдарламалары (көктемгі семестр) бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**4.** 2024-2025 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі МАК құрамын және докторантура бойынша кешенді емтихандардың бағдарламалары (көктемгі семестр) бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**5. ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а. А.С. Нусупованың 2024-2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттың ғылыми диссертациялық зерттеу тақырбын бекіту туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

***А.С. НУСУПОВА –*** *Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:*

Қысқы қабылдау емтихандары мен қабылдау комиссиясының 2024 жылғы 05 желтоқсандағы шешімімен оқуға қабылданған 1 курс докторанты

Б. Нуркасымовтың докторлық диссертация тақырыбын келесіндей бекітілуін сұраймын:

| **Докторанттың аты жөні** | **Білім беру бағдарламасы** | **Докторлық диссертация тақырыбы (үш тілде)** | | |
|---|---|---|---|---|
| Нуркасымов Болатбек Боранбаевич | 8D02111-Композиция | «Қазақ драмалық театрына арналған музыка: композитордың шығармашылық жұмысындағы жаңа әдістері» | «Музыка для казахского драматического театра: новейшие творческие методы в работе композитора» | «Music for the Kazakh Dramatic Theater: The Latest Creative Methods in the Composer's Work» |

Ғылыми кеңестің ұсынылған 1 курс докторанты Б. Нуркасымовтың докторлық диссертация тақырыбы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**5.** 1 курс докторанты Б. Нуркасымовтың докторлық диссертация тақырыбы жоғарыдағы ұсынылғандай бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**6. ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а. А.С. Нусупованың «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы ережесіне енгізілетін өзгерістер туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*А.С. НУСУПОВА – Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:*

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы ережесі 2023 жылдың 05 қаңтарында бекітілген болатын. Бұл ережеге тек қана «Құрметті профессор атағы еңбек ардагері мәртебесіне ие және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 40 жылдан астам жұмыс істеген, сондай-ақ көптеген халықаралық конкурстардың

лауреаттарын дайындаған педагогтарға берілуі мүмкін» деген жаңа 7-тармақша қосылды. Қалған тармақшалардың барлығы, өз орнында қалды.

Ғылыми кеңестің ұсынылған «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы ережесі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**6.** «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы ережесі бекітілсін**.**

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**7. ТЫҢДАЛДЫ:** Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Н.А. Ертаеваның 2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогын бекіту туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Н.А. ЕРТАЕВА – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:*

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогын ұсынамын.

Элективті пәндер каталогы – таңдау пәндер тізімі.

Жыл сайын консерваторияда барлық таңдау пәндер бойынша элективті пәндер каталогы (ЭПК) әзірленеді.

2025-2026 оқу жылына арналған кешендер ***қазақ, орыс, ағылшын*** тілдерінде бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 4 факультет 14 кафедрада дайындады.

Мысалы:

***«ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ» ФАКУЛЬТЕТІ:*** бакалавриатқа 51, магистратураға 13 пән, докторантураға 4 пән ұсынды. Оның ішінде:

1. «***Домбыра» кафедрасы*** - бакалавр бойынша 13 пән (21 қаңтар 2025ж., №06 хаттама) магистратура 5 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

2. «***Қобыз және баян» кафедрасы*** - бакалавр бойынша 13 пән (20 қаңтар 2025ж., №07 хаттама), магистратура бойынша 4 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

3. «***Халық әні» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 15 пән (20 қаңтар 2025ж., №05 хаттама) ұсынды, магистратура бойынша 4 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

4. «***Көне музыкалық аспаптар» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 11 пән (20 қаңтар 2025 ж., № 05 хаттама), докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

***«АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ» ФАКУЛЬТЕТІ:*** бакалавриат бойынша 48 пән, магистратура бойынша 11 пән ұсынды.

1. «***Фортепиано» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 13, магистратура бойынша 4 пән (18 желтоқсан 2024ж., №18 хаттама) ұсынды.

2**. «*Ішекті аспаптар» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 10 пән (08 қаңтар 2025ж., №04а хаттама) ұсынды.

3. «***Ұрмалы және үрмелі аспаптар» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 10, магистратура бойынша 3 пән (18 қараша 2024ж., №03 хаттама) ұсынды.

4. «***Ансамбль өнері» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 15, магистратура бойынша 4 пән (10 қаңтар 2025 ж., № 07 хаттама) ұсынды.

***«ВОКАЛ ЖӘНЕ ДИРИЖЕРЛЕУ» ФАКУЛЬТЕТІ***: бакалавриат бойынша 26 пән, магистратура бойынша 4 пән ұсынды.

1. ***«Вокалдық өнер» кафедрасы*** – бакалавриат бойынша 10 пән (21 қаңтар 2025ж., №07 хаттама), магистратура бойынша 4 пән ұсынды.

2. ***«Дирижерлеу» кафедрасы*** - бакалавр бойынша 16 пән (21 қаңтар 2025ж., №07 хаттама) ұсынды.

***«МУЗЫКАТАНУ, АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ӘГП» ФАКУЛЬТЕТІ***: бакалавриат бойынша 106 пән, магистратура бойынша 20 пән, докторантура бойынша 6 пән ұсынды.

1. ***«Арт-менеджмент» кафедрасы*** – бакалавр бойынша 25, магистратура бойынша 10, докторантура бойыншы 7 пән (17 қаңтар 2025 ж., № 06 хаттама) ұсынды.

*2.* ***«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы*** - бакалавр бойынша 3, магистратура бойынша 3 пән, докторантура бойынша 1 пән (25 желтоқсан 2024 ж., № 05 хаттама) ұсынды.

*3.* ***«Музыкатану және композиция» кафедрасы***:

*«Музыкатану» мамандығы:* бакалавр бойынша 33, магистратура бойынша 7, докторантура бойынша 2 пән (20 желтоқсан 2023ж., № 06 хаттама) ұсынды.

*«Композиция» мамандығы бойынша:* бакалавр бойынша 29, магистратура бойынша 7, докторантура бойынша 2 пән (20 желтоқсан 2023ж., №06 хаттама) ұсынды.

«Музыкатану және композиция» кафедрасы бакалвриат бойынша басқа мамандықтарға 41 пән, магистратура бойынша 3, докторантура бойынша 1 пән ұсынды

Элективті пәндер каталогын жинақтап баспадан шығару ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларына сәйкес келеді деп жоспарлануда.

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**7.** 2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогы бекітілсін**.**

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**8. ТЫҢДАЛДЫ:** Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы А.С. Сарымсакованың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарына енгізілетін өзгерістер туралы баяндамасы.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті секторының басшысы:*

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарына енгізілетін өзгерістер туралы құжатты ұсынамын және бекітулеріңізді сұраймын.

Консерваторияның кейбір бөлімдерінің функционалдық міндеттерінің өзгеруіне байланысты; жоспардың жыл сайынғы орындалуын талдау нәтижелері бойынша; білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарына сәйкес (мысалы, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» министрдің бұйрығы Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 болып тіркелді. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

| **Қолданыстағы редакция** | **Жаңа редакция** | **Негіздеме** |
|---|---|---|
| № 1 стратегиялық бағыт : Музыкалық өнер, кәсіби музыкалық білім беру және Арт-менеджмент саласында бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау | | |
| **1. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны** | **1.~~Іске асырылатын~~ Жаңартылған/жаңа білім беру бағдарламаларының саны**<br>**2025 жылғы жоспар ~~2~~ 1 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~2~~ 1**<br>**2027 жылғы жоспар ~~2~~ 1**<br>**2028 жылғы жоспар ~~2~~ 1**<br>**2029 жылғы жоспар ~~2~~ 1** | "Іске асырылатын "ББ орнына «Жаңартылған, жаңа» нақтылау даму мен жаңаруды көрсетеді |
| **5. Цифрлы форматқа көшірілген кітапхананың кітап қорының үлесі** | **5. ~~Цифрлы форматқа көшірілген кітапхананың кітап қорының~~ Сандық жеткізгіштердегі оқу және ғылыми әдебиеттер қорының үлесі (КВТ)**<br>**2025 жылғы жоспар ~~57~~ 33 %**<br>**2026 жылғы жоспар ~~59~~ 35**<br>**2027 жылғы жоспар ~~61~~ 37**<br>**2028 жылғы жоспар ~~63~~ 39**<br>**2029 жылғы жоспар ~~65~~ 41** | Тұжырымдама мен көрсеткіштер негіз бойынша сәйкес келтірілген |

| | | |
|---|---|---|
| **8. Өнердегі заманауи цифрлық технологияларды кәсіпкерлікті, ғылыми зерттеу негіздерін оқыту бойынша пәндерді әзірлеу және жоспарларына енгізу** | **8. Өнердегі заманауи цифрлық технологияларды (ЖИ)/ кәсіпкерлікті/ ғылыми зерттеу негіздерін оқыту бойынша жаңа пәндерді әзірлеу және жоспарларына енгізу** | Нақты қандай пәндерді нақтылау – санау әдістемесі үшін «жаңа». |
| **9. Қазақ тіліндегі өнер пәндері бойынша жарияланған электрондық оқулықтардың саны** | **9. Қазақ тіліндегі өнер пәндері бойынша жарияланған электронды оқу-әдістемелік әдебиеттер ~~электрондық оқулықтардың~~ саны (әр кафедрада жылына 1- басылым, ЖФ, АО қоспағанда )**<br>**2025 жылғы жоспар ~~1~~ 12 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~1~~ 12**<br>**2027 жылғы жоспар ~~2~~ 12**<br>**2028 жылғы жоспар ~~2~~ 12**<br>**2029 жылғы жоспар ~~2~~ 12** | Санау әдістемесі сипатталған, кафедралар саны бойынша көрсеткіштер ұлғайтылған, себебі ЖОО-ға арналған 1 оқулық - өте төмен көрсеткіш. «Оқулық» сөзі «оқу-әдістемелік әдебиет» сөзіне алмастырылды. |
| **12. Ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттер саны (шығыс/кіріс)** | **12. Ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттер саны (шығыс/кіріс)**<br>**2025 жылғы жоспар 2/~~1~~ 2/2 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~2/2~~ 3/3**<br>**2027 жылғы жоспар ~~2/2~~ 4/3**<br>**2028 жылғы жоспар ~~2/2~~ 4/4**<br>**2029 жылғы жоспар ~~2/2~~ 5/4** | Бұрынғыдай статикалық емес, жақсартуды, нәтижелердің жоғарылауын көрсететін көрсеткіштер артты |
| **14. Оқу нысандары бойынша студенттер саны (бюджет/ақылы.)** | **14. Оқу нысандары бойынша студенттер саны (бюджет/ақылы.)**<br>**Ағымды жылдың 2 қыркүйекке**<br>**2026 жылғы жоспар Бакалавриат: 986/ ~~72~~ 80 Бірлік.**<br>**Магистратура: 72/ ~~14~~ 15**<br>**Докторантура: 10/ ~~1~~ 2**<br>**2027 жылғы жоспар Бакалавриат: 986/ ~~72~~ 85 Магистратура: 72/ ~~14~~ 16**<br>**Докторантура: 10/ ~~1~~ 2**<br>**2028 жылғы жоспар Бакалавриат: 986/ ~~72~~ 90 Магистратура: 72/ ~~14~~ 17**<br>**Докторантура: 10/ ~~1~~ 3**<br>**2029 жылғы жоспар Бакалавриат: 986/ ~~72~~ 95 Магистратура: 72/14 18**<br>**Докторантура: 10/ ~~1~~ 3** | Ақылы білім алушылар бойынша көрсеткіштер бұрынғыдай статикалық емес, жақсартуды, нәтижелердің ұлғаюын көрсетеді |
| **15. Студенттердің жалпы санынан ағылшын тілінде оқитын студенттер саны** | **15. ~~Студенттердің жалпы санынан~~ Ағылшын тілінде оқитын ~~студенттер саны~~ студенттік топтар**<br>**2025 жылғы жоспар 1 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар 1 Бірлік.**<br>**2027 жылғы жоспар ~~1~~ 2 Бірлік.** | Әр студенттің есебін білім алушылар тобына ауыстыру, өйткені ағылшын тілінде жеке білім беру бағдарламалары жоқ және көрсеткіштер |

| | | |
|---|---|---|
| | **2028 жылғы жоспар ~~1~~ 2**<br>**2029 жылғы жоспар ~~1~~ 3** | артты |
| **16. «Алтын белгі» белгілері бар, жоғары оқу орындарына түскендердің, халықаралық олимпиада жеңімпаздары, ағымдағы оқу жылының ғылыми және шығармашылық конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дипломдарымен марапатталған) жалпы санынан үлесі** | ~~**16. «Алтын белгі» белгілері бар, жоғары оқу орындарына түскендердің, халықаралық олимпиада жеңімпаздары, ағымдағы оқу жылының ғылыми және шығармашылық конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дипломдарымен марапатталған) жалпы санынан үлесі**~~ | Бұл тармақ толығымен алынып тасталды, өйткені ол оқу орнынын қызметіне байланысты емес |
| № 2 Стратегиялық бағыт:<br>Консерваторияның ғылыми-зерттеу және шығармашылық дамуы | | |
| **17. ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ үлесі** | **17. ~~ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ үлесі~~**<br>**ҚР ҰҚМ және ҚР МАМ ғылыми қызметін гранттық қаржыландыру жобаларын қоспағанда, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалардың саны**<br>**2025 жылғы жоспар ~~1,5%~~ 1 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~1,5%~~ 2 Бірлік.**<br>**2027 жылғы жоспар ~~1,5%~~ 3 Бірлік.**<br>**2028 жылғы жоспар ~~1,5%~~ 3 Бірлік.**<br>**2029 жылғы жоспар ~~1,5%~~ 1 Бірлік.** | Тармақша нақтылауды талап етті, өйткені бұдан әрі ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ жобалары көрсетілген тармақша болады. Көрсеткіштер жобалар бірлігіне және ұлғайтуға қайта жасалды |
| **18. Зерттеу қызметімен айналысатын ПОҚ үлесі** | **18. Зерттеу қызметімен айналысатын ПОҚ үлесі (оның ішінде кандидаттар, ғылым докторлары, PhD; магистранттардың / докторанттардың ғылыми жетекшілері; докторантурада оқуды аяқтаған тұлғалар; ҰИФЛ қызметкерлері; дипломдық жұмыс жетекшілерінің педагог – магистрлері / жобалар)** | Санау әдістемесі үшін нақтылау енгізілді |
| **19. Білім алушылардың жалпы контингентінен ҒЗЖ-ға қатысатын білім алушылардың үлесі** | **19. Білім алушылардың жалпы контингентінен ҒЗЖ-ға қатысатын білім алушылардың үлесі (оның ішінде магистранттар, докторанттар, 4 курс студенттері, СҒЗЖ конкурстарына қатысушылар)** | Санау әдістемесі үшін нақтылау енгізілді |

| | | |
|---|---|---|
| **20. ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ ғылыми қызметті гранттық қаржыландырудың бірлескен жобалары мен бағдарламаларына қатысу** | **20. ~~ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ ғылыми қызметті гранттық қаржыландырудың бірлескен жобалары мен бағдарламаларына қатысу~~ Ғылыми қызметті гранттық қаржыландыру жобалары мен бағдарламаларына қатысатын ПОҚ саны ҚР МҒМ және ҚР МАМ басқа білім беру және ғылыми ұйымдар базасында (17-тармақтан кейін 18-ге ауыстыру)**<br>**2025 жылғы жоспар ~~2~~ 3 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~2~~ 4 Бірлік.**<br>**2027 жылғы жоспар ~~2~~ 5**<br>**2028 жылғы жоспар ~~3~~ 6**<br>**2029 жылғы жоспар ~~3~~ 7** | Өзгерістер енгізілді. Өйткені, шығармашылық ЖОО-лар ҚР ҒЖБМ және ҚР МАМ ғылыми қызметін гранттық қаржыландыру жобалары мен бағдарламаларын әзірлемейді, бірақ оларға қатыса алады. Көрсеткіштер ұлғайту үшін қайта жасалды. Логика мен тақырып бойынша тармақты жоғарыға жылжыту керек. |
| **21. ҒЖБССҚК, басылымдарында ПОҚ жарияланымдары РҒДИ басылымдарында ПОҚ жарияланымдары** | **21. ҒЖБССҚК, басылымдарында ПОҚ жарияланымдары РҒДИ басылымдарында ПОҚ жарияланымдары**<br>**2025 жылғы жоспар ~~50~~ 48 Бірлік.**<br>**2026 жылғы жоспар ~~50~~ 50 Бірлік.**<br>**2027 жылғы жоспар ~~50~~ 52**<br>**2028 жылғы жоспар ~~50~~ 54**<br>**2029 жылғы жоспар ~~50~~ 56** | Көрсеткіштер ұлғайту үшін қайта жасалды. |
| **23. Есепті кезеңді қоса алғанда, соңғы бес жылда құжатқа сілтемелердің орташа саны (Web of Science и Scopus)** | **23. Есепті кезеңді қоса алғанда, соңғы бес жылда құжатқа сілтемелердің орташа саны (Web of Science и Scopus)**<br>**2025 жылғы жоспар 1**<br>**2026 жылғы жоспар 1**<br>**2027 жылғы жоспар 1**<br>**2028 жылғы жоспар ~~1~~ 1,5**<br>**2029 жылғы жоспар ~~1~~ 1,5** | Көрсеткіштер ұлғайту үшін қайта жасалды. |
| **24. Зерттеуші-мамандардың жалпы санымен қоса алғанда 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың саны** | **24. ~~Зерттеуші-мамандардың жалпы санымен қоса алғанда~~ 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың саны (оның ішінде кандидаттар, ғылым докторлары, PhD; магистранттардың / докторанттардың ғылыми жетекшілері; докторантурада оқуын аяқтағандар тұлғалар; ҰИФЛ қызметкерлері; ҒЗЖ – мен айналысатын педагог-магистрлер)**<br>**2025 жылғы жоспар ~~4~~ 20 ~~Бірлік.~~ адам**<br>**2026 жылғы жоспар ~~5~~ 23**<br>**2027 жылғы жоспар ~~5~~ 26** | Есептеу әдістемесі үшін нақтылау енгізілді. Көрсеткіштер ұлғайту үшін қайта жасалды |

| | | |
|---|---|---|
| | **2028 жылғы жоспар ~~5~~ 29**<br>**2029 жылғы жоспар ~~6~~ 31** | |
| **25. Жоғары h-индексі бар шетелдік ғалымдардың, үлесі** | **25. ~~Жоғары h-индексі бар~~ Шетелдік ғалымдардың, ~~үлесі~~ мәдениет қайраткерлерінің саны (кем дегенде 4 апта)** | Есептеу әдістемесі үшін нақтылау енгізілді. Үлесі санға ауыстырылды, өйткені ЖОО-ның ерекшелігіне байланысты (үлесі ПОҚ-ның үлкен санына байланысты әрқашан өте төмен болады) |
